

Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2022 жылғы 30 мамырдағы № 305 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 мамырда № 28278 болып тіркелді

"Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының 29) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі қағидалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрінің міндетін атқарушы*

М. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің

Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі қағидалар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 9-бабының 29) тармақшасына сәйкес әзірленді және өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі тәртіпті айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) белгіленім кезеңі – соңғы айдың аралығында белгіленетін, осы кезең ішінде жеткізілімнің алдындағы айдың алдындағы London Metal Exchange-те (Лондон металдар биржасы) жарияланатын ең жоғары және ең төмен бағалардың орташа мәні айқындалатын баға белгілеу кезеңі;

2) қорытынды – сараптама негізінде уәкілетті орган дайындаған өтініш берушіге жауап хат;

3) отандық шикізат – Қазақстан Республикасының аумағында өнеркәсіп кәсіпорындары өндірген, одан әрі өнеркәсіптік өңдеуге арналған материал;

4) отандық шикізатты өндіруші – Қазақстан Республикасының аумағында одан әрі өнеркәсіптік өңдеу үшін пайдаланылатын өнімді шығаратын заңды тұлға;

5) өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласында уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде өнеркәсіп саласындағы басшылықты, салааралық үйлестіруді және өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыруды іске асыруға қатысуды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) өтінім – осы Қағидаларға сәйкес қажетті құжаттарды қоса бере отырып белгіленген үлгідегі өтініш;

7) өтініш беруші – өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісі;

8) сараптама – ұсынылған құжаттарға сәйкес өтініш берушіге отандық шикізатты берудің орындылығын немесе орындылығын айқындау мақсатында уәкілетті орган жүргізетін зерттеу;

9) технологиялық және техникалық активтер – өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінде қолданылуы белгілі бір тауарларды шығаруды қамтамасыз ететін технологиялық процестерді орындауға арналған өндірістік жабдықтың болуы;

2-тарау. Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі тәртібі

3. Отандық шикізат Заңның 9-бабының 28) тармақшасына сәйкес бекітілетін басым тауарлар тізбесіне енгізілген өнімді өндіруге бағдарланған өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілеріне беріледі.

4. Қазақстан Республикасының аумағында тиісті шикізаттан басым тауарларды өндіру жөніндегі технологиялық және техникалық мүмкіндіктері бар өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері отандық шикізатты алуға өтініш берушілер болып табылады.

5. Осы Қағидаларға сәйкес отандық шикізатты беруді Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын отандық шикізатты өндірушілер өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісі, отандық шикізатты өндіруші және уәкілетті орган арасындағы өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі үлгілік келісімге (бұдан әрі – Келісім) сәйкес жасалған шикізатты жеткізу жөніндегі жасалған шарттың негізінде жеткізу жолымен осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес жүзеге асырады.

6. Отандық шикізатты беруге арналған өтінімді қарау кезінде уәкілетті орган осы Қағидаларға сәйкес сараптама жүргізеді.

7. Уәкілетті орган осы Қағидалар күшіне енген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ресми бұқаралық ақпарат құралдарында отандық шикізатты беруге өтінімдерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыру жариялайды, өзінің ресми интернет-сайтында өтінімдерді қабылдаудың шарттары мен тәртібі туралы ақпаратты адамдардың байланыс деректерін көрсете отырып орналастырады.

8. Уәкілетті орган тұрақты негізде отандық шикізатты ұсынуға өтінімдер қабылдауды жүзеге асырады.

9. Отандық шикізатты ұсыну рәсімі мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) уәкілетті органның өтінімдерді осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қабылдауы және қарауы;

2) уәкілетті органның сараптама жүргізуі;

3) оң қорытынды болған кезде уәкілетті орган отандық шикізат өндірушіні және өтініш берушіні келісім жасасу жөніндегі жұмыстың басталғаны туралы хабардар етеді.

Теріс қорытынды болған кезде уәкілетті орган өтініш берушіні келісім жасасудың мүмкін еместігі туралы хабардар етеді;

4) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісі, отандық шикізат өндіруші және уәкілетті орган арасында келісім жасасу.

5) уәкілетті органның өндірушінің өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісімен жасалған шикізатты жеткізу және өнеркәсіптік-инновациялық қызмет

субъектісінің келісім бойынша алынған отандық шикізатты нысаналы пайдалану жөніндегі шарттарды орындауына мониторинг жүргізуі.

10. Отандық шикізатты алу үшін өтініш беруші уәкілетті органға мынадай құжаттардың тізбесін ұсынуы қажет:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отандық шикізат талап етілетін кәсіпорынның паспорты;

3) технологиялық процесті және тауар бірлігіне шикізатты тұтыну нормативтерін сипаттай отырып, тауарларды өндірудің техникалық регламенті немесе техникалық шарттары;

4) жабдықтың паспортын және тиісті растайтын бухгалтерлік құжаттарды қоса бере отырып, осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген тауарларды өндіруге қатысатын өтініш берушінің балансындағы негізгі құралдардың тізбесі;

5) өтінім берілген жылды қоса алғанда, тауардың әрбір түрін өндірудің күнтізбелік 3 (үш) жылға арналған индикативтік жоспарының жылдар бойынша кестелік нысанда бөлінген жобасы. Өндірістің индикативтік жоспарының жобасына өтініш берушінің уәкілетті адамы өтініш берушінің мөрімен қол қояды;

6) кесте нысанында тоқсандық егжей-тегжейлі көрсете отырып, өтінім берілген жылды қоса алғанда, тауардың әрбір түрін өндірудің күнтізбелік 5 (бес) жылға арналған күнтізбелік жоспарының жобасы. Іс жүргізудің күнтізбелік жоспарының жобасына өтініш берушінің уәкілетті адамы өтініш берушінің мөрімен қол қояды;

7) заңды тұлғалар үшін – жарғының көшірмесі, бірінші басшыны тағайындау/сайлау туралы құжаттың көшірмесі, тұлғаға өтінім беру, қол қою, Келісімге қол қою құқықтарын беретін құжаттың көшірмесі;

8) жеке тұлғалар үшін – жеке куәлігінің немесе паспортының көшірмесі.

11. Отандық шикізатты алуға арналған өтінім уәкілетті органға мемлекеттік немесе орыс тілдерінде электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) куәландырылған электрондық нысанда (pdf немесе jpeg форматында) жолданады, қағаз жеткізгіште ұсынуға жол беріледі.

12. Өтінім қағаз тасығышта берілген кезде материалдар бірыңғай қалтаға жинақталады, парақтар нөмірленеді және осы Қағидалардың және оларға қосымшалардың талаптарына қатаң сәйкестікте ресімделеді.

13. Өтініш беруші ұсынылған құжаттардың, оларда көрсетілген деректердің, есептердің, негіздемелердің толықтығы мен анықтығын қамтамасыз етеді. Өтінім берушінің толық емес немесе дәйексіз деректерді ұсынуы, осы Қағидаларға сәйкес келмейтін өтінімді ресімдеу уәкілетті органның өтінімді қабылдамауы үшін негіз болып табылады.

14. Уәкілетті орган қабылдаған өтінімдер тіркелген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкес қарауға жатады.

15. Өтінім осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өтінім тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті орган өтінім берушіге пошта арқылы және/немесе өтінім берушінің сауалнамасында көрсетілген электрондық пошта мекенжайына сәйкессіздікті көрсете отырып хабарлама жібереді. Бұл ретте уәкілетті орган өтінімдердің түпнұсқаларын өтінім берушіге пошта арқылы жібереді. Өтінім берушінің анықталған сәйкессіздікті жоюды ескере отырып, өтінімді қайта ұсынуға құқығы бар.

Өтінімді қайта ұсыну мерзімі өтінімдерді қабылдаудың аяқталу мерзіміне дейін қолданылады, оны уәкілетті орган ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайтын отандық шикізатты беруге өтінімдерді қабылдаудың аяқталғаны туралы хабарландыруда көрсетеді. Өтінімді қайта беру және қабылдау тәртібі осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес уәкілетті орган жариялаған өтінімдерді қабылдаудың басталуы туралы хабарландыруда көрсетілген тәртіпке сәйкес келеді.

16. Қабылданған өтінімдер осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда, уәкілетті орган 15 (он бес) жұмыс күні ішінде өтінімге сараптама жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес есеп қалыптастырады.

17. Өтінім сараптамасы есебінің мазмұны:

1) өтінімнің Қағидалардың талаптарына сәйкестігі;

2) өтінім берушіде өндірістік процесті қысқаша сипаттай отырып, өтінімде көрсетілген тауарларды өндіру үшін технологиялық және техникалық мүмкіндіктердің болуы;

3) өтінімде көрсетілген тауарлардың басым тауарлар тізбесіне сәйкестігі;

4) өндірілетін өнімнің бірлігіне шикізат шығысының нормасын көрсете отырып, қажетті отандық шикізаттың түрі және оны жылдар бойынша күтілетін тұтыну.

18. Қорытынды өтініш берушіге электрондық пошта арқылы жіберіледі, құжаттың түпнұсқасы пошта арқылы жіберіледі.

19. Келісімге қол қою мерзімі 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

20. Заңның 60-бабының 5-тармағына сәйкес уәкілетті орган өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің Келісім бойынша міндеттемелерді орындауына мониторингті жүзеге асырады.

21. Мониторинг Келісім бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есептерді (бұдан әрі – есеп) талдау жолымен жүзеге асырылады. Өтініш беруші есепті уәкілетті органға Келісімнің қолданылу кезеңінде жыл сайын 15 шілдеге дейін және 15 қаңтарға дейін ұсынады.

22. Барлық есептер қағаз және электрондық тасығыштарда (pdf немесе jpeg нысанында) ұсынылады.

23. Уәкілетті органның есептерді қарау мерзімі 1 (бір) айдан аспайды.

24. Уәкілетті орган есептерді қарау қорытындылары бойынша өтініш берушіге ақпарат береді. Қажет болған жағдайда уәкілетті орган Келісімнің тараптарына Келісімде көзделген шараларды қабылдайды.

Өңдеу өнеркәсібінің
кәсіпорындарын отандық
шикізатпен қамтамасыз ету
жөніндегі қағидаларына
1-қосымша

нысан

Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі үлгілік келісім

№ _____

Қала _____ " ____ " _____ 20__ ж.

Осы Келісім арасында

(уәкілетті органның атауы) атынан

_____,
(Басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның аты-жөні (бар болса)

_____ негізінде
әрекет ететін (ереже немесе бұйрық) бұдан әрі – "Уәкілетті орган", бір жағынан,

_____,
(заңды тұлғаның атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

атынан _____

_____,
(Басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның аты-жөні (бар болса)

_____ негізінде
әрекет ететін (жарғы немесе бұйрық) екінші жағынан, бұдан әрі – "Өндіруші" деп
аталатын

және _____

_____,
(заңды тұлғаның атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

атынан _____

_____,
(Басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның ТАӘ (бар болса)

негізінде

әрекет ететін (жарғы немесе бұйрық)

бұдан әрі "Өнеркәсіптік саясат туралы" (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының 29) тармақшасына сәйкес бекітілетін өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларға сәйкес бұдан әрі "Өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісі" деп аталатын негізде әрекет ететін үшінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп аталған кезде "Тараптар" деп төмендегілер туралы осы Келісімді жасасты:

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Келісімнің мақсаты Тараптардың ұзақ мерзімді, тиімді және өзара тиімді ынтымақтастығын нығайту және дамыту, кәсіпкерлік қызметті қолдау, тараптардың тең құқылық, ашықтық, парасаттылық және өзара құрмет қағидаттары негізінде қазақстандық қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту болып табылады.

2. Ынтымақтастық саласы

2.1. Тараптар өз күш-жігерін мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастыққа шоғырландырады:

2.1.1. Қазақстан Республикасының орнықты экономикалық өсуін және дамуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл;

2.1.2. осы Келісімге 1-қосымшаға сәйкес айқындалатын бағалар бойынша қайта өңдеу кәсіпорындарын шикізатпен жүктеуді қамтамасыз ету;

2.1.3. өнім өндіру көлемін ұлғайту және қосылған құны жоғары тауарлар номенклатурасын кеңейту.

3. Келісімді іске асыру жөніндегі іс-әрекеттер

3.1. Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде мыналарды қамтамасыз етеді:

3.1.1. тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтау;

3.1.2. мемлекеттік реттеудің тиімділігін қоса алғанда, өнеркәсіпті қолдау тетіктерін жетілдіру;

3.1.3. өнеркәсіп саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру.

3.2. Өндіруші:

3.2.1. осы Келісімге 1-қосымшаға сәйкес өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары үшін отандық шикізатқа жеңілдіктер мөлшерін көздейтін баға бойынша шикізатты жеткізу жөнінде өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісімен жасалған шарттардың орындалуын қамтамасыз етеді;

3.2.2. Өндіруші тиісті сапалы шикізатты өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің атына осы Келісімге 2-қосымшада белгіленген көлемде жоғарыда көрсетілген баға бойынша өткізеді.

3.3. Өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісі:

3.3.1. Өндірушімен жасалған шарттардың орындалуын қамтамасыз етеді (олардың талаптарында "Take or Pay" қағидатын не өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің өндіруші мен өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісі арасындағы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ететін өзге де тетіктерді қолдана отырып). Бұл ретте, өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісі өзінің шикізатқа деген қажеттілігін осы Келісімге 2-қосымшаға сәйкес 3 (үш) жылға береді;

3.3.2. қосылған құны жоғары өнім шығаруды қамтамасыз етеді;

3.3.3. осы Келісімге 1-қосымшаға сәйкес осы өнім олар үшін шикізат болып табылатын өнеркәсіптік-инновациялық қызметтің басқа субъектілеріне өткізілген кезде өз өніміне жеңілдік береді;

3.3.4. өндіріс көлемін ұлғайту;

3.3.5. өндірушіден алынған өнімді үшінші тұлғаларға қайта сатпауға кепілдік береді ;

3.3.6. Қағидалардың 23-тармағына сәйкес өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің отандық шикізатты өзінің өндірістік мұқтаждары үшін мақсатты пайдалануын мониторингтеу үшін өзінің өндірістік алаңдарына және тиісті бухгалтерлік құжаттарға қол жеткізуге кепілдік береді;

3.3.7. өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісі 3.3.6-тармаққа сәйкес мониторинг жүргізу мүмкіндігін беруден бас тартқан жағдайда немесе аудит кезінде осы Келісімнің 3.3.5 және 3.3.6-тармақтарды бұзу фактілері анықталған жағдайда немесе аудит жүргізуден бас тарту фактісі анықталған айдан кейінгі айдан бастап өндірушіден өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісіне шикізаттың нарықтық бағасы қолданыла бастайды. Бұл ретте осы Келісімге 2-қосымшаға сәйкес көлемдерді және Take or Pay қағидатын немесе 3.3.1-тармаққа сәйкес тетіктерді іріктеу бойынша міндеттемелер осы Келісімге 2-қосымшада берілген кезең аяқталғанға дейін күшінде қалады.

4. Өзара әрекеттесу формалары

4.1. Осы Келісім шеңберіндегі Тараптардың өзара іс-қимылы:

4.1.1. ынтымақтастық саласына қатысты ақпарат алмасу (Тараптардың бір-біріне хабарламалар жіберуі, Тараптар өкілдерінің кездесулерін ұйымдастыру арқылы);

4.1.2. тараптардың қызметіне жататын және өзара мүддені білдіретін мәселелер бойынша консультациялар өткізу;

4.1.3. осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған бірлескен іс-шараларды жоспарлау;

4.1.4. өзара іс-қимылдың өзге де нысандары мен тетіктері.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Осы Келісім Тараптардың қандай да бір қаржылық міндеттемелерін білдірмейді, осы құпиялылық туралы Келісімнің ережелерін (осы Келісімнің 5.6-тармағында көзделген құпиялылық туралы ережелердің азаматтық-құқықтық шарт күші бар) қоспағанда, Тараптардың ниеттерін білдіре отырып, осы ережелерді орындау кезінде туындайтын міндеттемелерден басқа, Келісім Тараптар үшін заңды салдарлар туғызбайды. Тараптар ынтымақтастығының жекелеген нысандары жекелеген келісімдер мен шарттар жасасу арқылы ресімделеді. Тараптар арасындағы барлық қатынастар қағидалары осы Келісімнен абсолютті басымдыққа ие болатын олардың арасында жасалған жекелеген шарттар негізінде ғана реттеледі. Тараптар осы Келісім бойынша бір-бірінің алдында заңды жауаптылықта болмайды.

5.2. Осы Келісім 3 (үш) жылға дейінгі мерзімге жасалды және мерзім өткеннен кейін қайта басталатын болады.

5.3. Тараптардың ұсыныстары бойынша қабылданатын осы Келісімнің толықтырулары мен өзгерістері жазбаша түрде ресімделеді және оларға Тараптар қол қойған сәттен бастап оның ажырамас бөлігі болады.

5.4. Келісім кез келген Тараптың бастамасы бойынша, екінші Тарапқа және уәкілетті органға Келісімнің қолданылуы тоқтатылатын қалаулы күнге дейін кемінде бір ай бұрын жазбаша хабарлаған кезде бұзылуы мүмкін.

5.5. Осы Келісім құпиялылық бөлігінде бірдей заңды күші бар Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден үш данада жасалды.

5.6. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Келісімді орындау барысында ашылуы мүмкін құпия сипаттағы ақпаратты (коммерциялық немесе қызметтік құпия санатына жатқызылған ақпаратты қоса алғанда) үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді.

6. Тараптардың қолдары

Уәкілетті орган

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Өндіруші

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісі

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Өңдеу өнеркәсібінің
кәсіпорындарын отандық
шикізатпен қамтамасыз ету
жөніндегі үлгілік келісімге
1-қосымша

Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары үшін отандық шикізатқа жеңілдіктердің мөлшері

№	Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды	Шикізаттың атауы	Шикізатқа жеңілдік мөлшері
1	76 01 10	Бастапқы өңделмеген алюминий	баға белгілеу кезеңіндегі London Metal Exchange бағасынан 5%
2	74 03 11 74 03 19	Тазартылған, өңделмеген мыстан жасалған катодтар мен катодтар секциялары Тазартылған, өңделмеген өзге де мыс	баға белгілеу кезеңіндегі London Metal Exchange бағасынан 5%
3	78 01 10	Тазартылған, өңделмеген қорғасын	баға белгілеу кезеңіндегі London Metal Exchange бағасынан 2%
4	76 05 11	Көлденең қимасының ең үлкен мөлшері 7 мм-ден асатын қоспаланбаған алюминийден жасалған сым	баға белгілеу кезеңіндегі London Metal Exchange бағасынан 4%
5	74 08 11	Көлденең қимасының ең үлкен мөлшері 6 мм-ден асатын тазартылған мыстан жасалған сым	Баға белгілеу кезеңіндегі London Metal Exchange бағасының 5% плюс көлденең қимасының ең жоғары мөлшері 6 мм-ден асатын тазартылған мыстан жасалған сымды қайта өңдеу сомасы

Өңдеу өнеркәсібінің
кәсіпорындарын отандық
шикізатпен қамтамасыз ету
жөніндегі үлгілік келісімге
2-қосымша

Кәсіпорын	Жобалық қуаты (тонна)	Қажеттілік (тонна)	Шығарылатын өнім

Ескертпе: мәлімделген шикізаттың көлемі қайта өңдеушінің бастамасы бойынша осындай хабарлама жүргізілетін жылдан кейінгі жылға арналған келісімшартқа қол қою кезінде өндірушіні жазбаша хабардар ету жолымен түзетілуі мүмкін. Тараптар түзетілген көлемді келіскен кезде оған Келісімнің 3.3-бөлімі қолданыла бастайды. Күмән туғызбау үшін көлемдерді түзету жеткізілімдерді, өндірушіні, сондай-ақ оның өндірістік және коммерциялық жоспарларын орындаудың физикалық мүмкіндігін ескере отырып, өндіруші мен қайта өңдеуші арасында келісіледі. Күмән туғызбау үшін осы қосымшада көрсетілген көлемдер бағдарлы болып табылады және қандай да бір жауапкершілікке әкеп соқтыратын тараптардың заңды түрде міндеттейтін келісімі болып табылмайды.

Тараптардың қолдары

Уәкілетті орган

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Өндіруші

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісі

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Өңдеу өнеркәсібінің
кәсіпорындарын отандық
шикізатпен қамтамасыз ету
жөніндегі қағидаларға
2-қосымша

Өтінім жасалған күн:

20__ жылғы " __ " _____

Өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерін отандық шикізатпен қамтамасыз ету бойынша өтініш

(ұйымның атауы / жеке кәсіпкер аты-жөні (бар болғанда), бизнес сәйкестендіру нөмірі / жеке сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы, байланыс телефоны және E-mail)
осы өтінішті қажетті құжаттар пакетімен бірге отандық шикізатпен қамтамасыз етуге жолдайды

(шикізат түрлерін көрсету)

Тауарларды өндіру үшін:

- 1) _____
- 2) _____

(тауар түрлерін, сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасының кодын көрсету)

Шикізаттың жылдар бойынша сұралатын көлемі (3 жылға арналған болжам):

Шикізат түрі	Өлшем бірлігі	Жылдар

Отандық шикізатқа қажеттіліктің негіздемесі қоса берілген құжаттарда келтірілген. Ұсынылған ақпараттың дұрыстығына кепілдік береміз. Қағидаларға сәйкес талап етілетін құжаттар _____ парақта қоса беріледі.

_____ (өтініш берушінің атынан қол қою өкілеттігі бар адамның лауазымы)	_____ (қолы, мөрі)	_____ (Өтініш берушінің атынан құжаттарға қол қою өкілеттігі бар тұлғаның аты-жөні)
-------------------------------------------------------------------------	--------------------	-------------------------------------------------------------------------------------

Материалдарды алғаны туралы белгі

Алған күні: " ____ " _____ 20__ ж.

Өтінімнің тіркеу нөмірі _____

Тіркеуші _____ (аты-жөні, қолы (бар болғанда))

Ескертпе: ұйымның бланкісінде жасалады. Өтінімге бірінші басшы немесе өзге де уәкілетті тұлға қол қояды.

Өңдеу өнеркәсібінің
кәсіпорындарын отандық
шикізатпен қамтамасыз ету
жөніндегі қағидаларға
3-қосымша

Отандық шикізат талап етілетін кәсіпорынның паспорты

1. Жалпы мәліметтер:

- 1) кәсіпорынның толық атауы;
- 2) кәсіпорынның мекенжайы, орналасқан жері;
- 3) кәсіпорынның меншік иесі (иеленушісі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі / жеке сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы;
- 4) кәсіпорынның салалық тиесілілігі;
- 5) кәсіпорынның пайдалануға берілген күні;
- 6) отандық шикізат талап етілетін өндірістердің түрлері және пайдалануға берілген күні, тауар бірлігіндегі жылдық қуаты;
- 7) кәсіпорында жұмыс істейтін адамдардың саны.

2. Кәсіпорынның негізгі өндірістік-экономикалық көрсеткіштері:

- 1) кәсіпорынның өндіретін өнімінің немесе көрсететін қызметінің негізгі түрлері;
- 2) табысқа салынатын салықтың қолданыстағы мөлшерлемесі.

3. Бес жыл ішіндегі немесе кәсіпорын пайдалануға берілген сәттен бастап кәсіпорын қызметінің өндірістік-экономикалық көрсеткіштерінің серпіні:

1) жылдар бойынша және ағымдағы жылдың өткен кезеңі үшін өндірістің құндық көлемі;

2) өндіру үшін отандық шикізат талап етілетін тауарлардың нақты және құндық көлемі (тауардың әрбір түрі бойынша);

3) кәсіпорынның немесе өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің жылдар бойынша және ағымдағы жылдың өткен кезеңі үшін бюджеттік аударымдар сомасы.

4. Өндірісі үшін отандық шикізат талап етілетін тауарлар жеткізілетін (жеткізілетін) елдер, өңірлер (тауардың әрбір түрі бойынша).